

«6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Айдарбекова Кулжан Асетовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру мәселесіне арналған Айдарбекова Кулжан Асетовнаның диссертациялық зерттеуі еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Осыған байланысты, ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу тақырыбы ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес орындалған және білім беру жүйесінің өзекті қажеттіліктерін шешуге бағытталған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы АР14870260 «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы шеңберінде жүзеге асырылған.

		<p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» басым бағыттарына да сәйкес келеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, «Педагог мәртебесі туралы» Заңының, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарымен үндесіп жатыр.</p>
		<p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
<p>2.</p>	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселелерін зерттеуге бағытталғандықтан, педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеудің ғылыми құндылығы болашақ мұғалімдердің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерінің жүйеленуімен сипатталады. Алынған нәтижелер педагог кадрларды даярлау теориясын толықтырып, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіруге мүмкіндік</p>

			<p>береді. Осылайша, диссертациялық жұмыстың ғылым үшін маңыздылығы толық ашылған және алынған нәтижелердің теориялық әрі практикалық құндылығы дәлелденген. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығы ұғымының мазмұны нақтыланып, оның құрылымдық компоненттері анықталған. Сонымен қатар зерттеліп отырған даярлықты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оны жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік негіздері ұсынылған. Автор даярлық деңгейлерін бағалауға арналған критерийлер мен көрсеткіштер жүйесін негіздеп, сәйкес диагностикалық құралдарды әзірлеген. Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – болашақ мұғалімдерді сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануға даярлауға бағытталған дидактикалық кешеннің жасалуы және оның тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тиімділігінің дәлелденуі болып табылады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері педагог кадрларды даярлау теориясын жаңа ғылыми тұжырымдармен толықтырып, жоғары педагогикалық білім беру ұйымдарында сандық білім беру ресурстарын қолдану бойынша ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге мүмкіндік береді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Автор зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерді терең талдап, тірек ұғымдарға өзіндік ғылыми сипаттамасын беруі, әдіснамалық тәсілдерді дұрыс қолдануы - зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты меңгергенін көрсетеді. Зерттеу</p>

			барысында ғылыми ақпараттарды сыни тұрғыдан саралау, зерттеу әдістерін негізді қолдану және алынған нәтижелерді ғылыми пайымдау дағдылары айқын байқалады. Диссертацияда берілген ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады және оның зерттеушілік құзыреттілігінің жоғары деңгейін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Автор диссертациялық зерттеудің өзектілігін әлеуметтік-педагогикалық және ғылыми-теориялық деңгейде анықтаған, яғни білім беруді цифрландыру жағдайында білім беру технологиялары мен инновацияларды тиімді қолдана алатын болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауды қамтамасыз ету қажеттілігін, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде СБР-ды пайдаланудың теориялық негіздерін нақтылау қажеттілігін көрсеткен. Ғылыми-педагогикалық қайшылықтар заманауи зерттеулер нәтижелерін жинақтау, педагогикалық практика қажеттіліктерін және білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын талдау арқылы негізделген. Автор нормативтік-құқықтық, әдістемелік құжаттарда педагогке қойылатын цифрлық талаптар мен СБР-ды қолдану қажеттілігі айқындалғанымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ресурстарды пайдалануға даярлаудың мазмұны, құрылымы және педагогикалық тетіктері жеткілікті деңгейде ғылыми негізделмегендігін айқындаған. Бұл өз кезегінде зерттеу мәселесін ғылыми тұрғыда негіздеуде өзекті сипатқа ие.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің ғылыми аппараты диссертация тақырыбына сәйкес құрылып, оның негізгі мазмұнын ашуға бағытталған. Жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның құрылымы зерттеу логикасына сай жүйеленіп, қарастырылып отырған мәселенің теориялық және тәжірибелік қырларын жан-жақты айқындауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Автор зерттеу мақсатын сауатты айқындай білген, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеуге және әзірленген дидактикалық кешеннің тиімділігін эксперименттік тексеруді дәлелдеуге бағытталған. Зерттеу міндеттері осы мақсатқа сай анықталып, зерттеу кезеңдерінің мазмұны мен логикасын толық қамтиды. Бұл өз кезегінде диссертация тақырыбының жан-жақты ашылуына және мақсатқа сай ғылыми нәтижелер алуға мүмкіндік береді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі қағидалары өзара толық логикалық байланысқан. Зерттеу жұмысының құрылымы ғылыми ізденістің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйеленіп, бөлімдер арасында мазмұндық сабақтастық сақталған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ұсынылған ғылыми болжамның дұрыстығын растап, қойылған мақсат пен міндеттердің орындалғанын көрсетеді. Негізгі тұжырымдар</p>

			<p>ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау, нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу, диагностикалық әдістемелерді пайдалану және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденген. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері диссертация мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйеленген, берілген ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар алынған нәтижелермен толық байланысып, жұмыстың ішкі бірлігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Автор отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді басшылыққа алып, дербес жүргізген тәжірибелік-педагогикалық эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып ұсынған жаңа ғылыми шешімдер дәлелденген, сыни талдау бар. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығы ұғымының мазмұны алғаш рет нақтыланып, оның құрылымы, компоненттері, критерийлері мен көрсеткіштері ғылыми тұрғыдан негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген және даярлықты қалыптастыруға арналған бірнеше оқу-әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын, электронды оқулықтарды қамтитын дидактикалық кешен алғаш рет практикаға ұсынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеуде алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған қағидалар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) оқу процесінде сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың маңыздылығын саналы түсінуге</li> </ol>

		<p>(жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>негізделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби ұстанымы мен моральдық-психологиялық жағдайы; 2) сандық білім беру ресурстарын іріктеу, әзірлеу, дидактикалық құрылымдау, бейімдеу және сабақ құрылымына кіріктіру, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалаумен байланысты білім, білік, дағды және рефлексивтік қабілеттер жүйесі, жоғары оқу орнында кәсіби даярлау процесінде қалыптасатын мотивациялық, когнитивтік, операциялық-технологиялық, коммуникативтік-этикалық және рефлексивтік-бағалау компоненттерін қамтитын интегративті тұлғалық-кәсіби білім ретінде анықталған «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығы» ұғымының мәні, құзыреттілік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, жүйелілік, интегративтік және рефлексивтік тәсілдердің кіріктірілуі, сондай-ақ цифрлық дидактика, кәсіби бағыттылық, тұлғалық-бағдарлы оқыту, рефлексивтілік және сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың педагогикалық мақсатқа сәйкестілігі қағидаттары әдіснамалық негізін құрайтын құрылымдық-мазмұндық моделі, өзара байланысқан оқу-әдістемелік, цифрлық әрі ұйымдастырушылық-педагогикалық құралдардың интеграцияланған жүйесі ретінде ұсынылған дидактикалық кешенді апробациялау ұсынылған. Бұл ғылыми нәтижелер мен қағидалардың жаңашылдығын дәлелдеп, олардың педагогика ғылымын дамытуға қосқан үлесін айқындайды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p>	<p>Автор ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға</p>

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>даярлығын қалыптастыру бойынша анықталған теориялық қағидалар жүйеленіп, ғылыми тұжырымдар арқылы берілген қорытындылар толығымен жаңа болып табылады. Бұл қорытындылар бұрынғы зерттеулерді қайталамайды, зерттеліп отырған мәселені жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде педагогикалық-технологиялық және басқарушылық шешімдер ұсынылған. Олардың жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді даярлау үдерісінде қолданылатын авторлық құрылымдық-мазмұндық модельдің, дидактикалық кешеннің: элективті курс, оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген толықтырулар, электрондық оқу құралы, авторлық сандық ресурс, автоматтандырылған оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар және тапсырмалар жинағы ғылыми негізделуімен айқындалған. Ұсынылған шешімдер толығымен жаңа және эксперимент нәтижелері арқылы тексеріліп, тиімділігі дәлелденген. Олар болашақ мұғалімдердің сандық білім беру ресурстарын іріктеу, бейімдеу және оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану даярлығын қалыптастыруға бағытталған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары</p>	<p>Диссертацияда тұжырымдалған негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу нәтижелері теориялық талдау, эмпирикалық деректер және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған мәліметтер негізінде дәйектелген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-</p>

	үшін).	<p>мазмұндық моделі мен әзірленген дидактикалық кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы расталған. Қорытындылардың негізділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бірнеше кезеңде жүргізілуімен, эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау нәтижелерімен, сондай-ақ алынған деректерді математикалық-статистикалық өңдеу арқылы қамтамасыз етілген. Экспериментке қатысқан 139 білім алушыдан алынған нәтижелер іріктеменің жеткілікті көлемін және оның репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін талдау барысында интегралды көрсеткіштер есептеліп, эксперименттік және бақылау топтарындағы өзгерістер динамикасы анықталған. Эксперименттік топта жоғары және орта деңгей көрсеткіштерінің едәуір өсуі, ал төмен деңгейдің айтарлықтай қысқаруы ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен дидактикалық кешеннің тиімділігін дәлелдейді. Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті негізінде жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері анықталған өзгерістердің кездейсоқ емес екенін және зерттеу барысында енгізілген педагогикалық ықпалдың нәтижелілігін растаған. Осыған байланысты диссертацияда тұжырымдалған негізгі қорытындылар жеткілікті ғылыми дәлелдерге, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелеріне және математикалық-статистикалық өңдеу қорытындыларына негізделген. Сондықтан зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыдан дәйекті, сенімді</p>
--	--------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			және негізделген деп бағаланады
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	<p>Әрбір қағидалар бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған төрт қағиданың әрқайсысы жеткілікті дәрежеде дәлелденген, ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және тривиалды емес сипатқа ие.</p> <p>Бірінші қағидада жоғары оқу орнында кәсіби даярлау процесінде қалыптасатын мотивациялық, когнитивтік, операциялық-технологиялық, коммуникативтік-этикалық және рефлексивтік-бағалау компоненттерін қамтитын интегративті тұлғалық-кәсіби білім ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығының мәні мен құрылымы нақтыланған, оның компоненттері теориялық тұрғыдан негізделген. Қағида психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау және ұғымдық аппаратты ғылыми тұрғыдан зерделеу нәтижелерімен дәлелденген.</p> <p>Екінші қағидада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастырудың эмпирикалық алғышарттары: цифрлық даярлықтың жалпы деңгейі, сандық білім беру ресурстарын пайдалану сипаты, мотивациялық қатынас, практикалық даярлық тәжірибесі, коммуникативтік-этикалық аспектілер, рефлексивтік және бағалау әрекеттері анықталып, даярлау үдерісін жетілдіру қажеттілігі негізделген. Қажетті даярлықты қалыптастырудың осы эмпирикалық алғышарттарын айқындау нәтижесінде автор болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру процесін практикалық-бағдарланған әдістемелік сүйемелдеудің</p>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда қағиданың тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда қағиданың жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда қағиданың қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	

		<p>2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>шектеулілігін көрсетіп, осы бағытта мақсатты жұмысты жүзеге асыру қажеттілігін айқындаған.</p> <p>Аталамыш қағида зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректермен дәлелденіп, ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан.</p> <p>Үшінші қағида құзыреттілік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, жүйелілік, интегративтік және рефлексивтік тәсілдердің кіріктірілуі, сондай-ақ цифрлық дидактика, кәсіби бағыттылық, тұлғалық-бағдарлы оқыту, рефлексивтілік және сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың педагогикалық мақсатқа сәйкестілігі қағидаттары әдіснамалық негізін құрайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеумен байланысты. Модель ғылыми негізделген, қайта жаңғыртылатын және бастауыш білім беруді цифрландыру талаптарына сәйкес. Ұсынылған модельдің ғылыми негізділігі оның теориялық тұғырлар жүйесіне сүйенуімен және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен және ғылыми жарияланымдармен расталған.</p> <p>Төртінші қағидада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель мен өзара байланысқан оқу-әдістемелік, цифрлық әрі ұйымдастырушылық-педагогикалық құралдардың интеграцияланған жүйесі ретінде ұсынылған дидактикалық кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген. Әзірленген</p>
--	--	--------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			<p>элективті курс, электрондық оқу құралы, авторлық цифрлық ресурс, автоматтандырылған оқу бағдарламалары, тапсырмалар жинағы және әдістемелік материалдар зерттеу барысында апробациядан өткізіліп, олардың тиімділігі расталған.</p> <p>Диссертацияның негізгі қағидалары эксперименттік жұмыс барысында және халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, жарияланған. Атап айтқанда, зерттеу материалдары Ұлыбритания (Sheffield), Чехия (Praha), Болгария (София), Финляндия (Helsinki), Қазақстан (Қарағанды, Алматы, Астана) қалаларында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланды (2018–2024 жж.); Scopus базасындағы индекстелген журналдарында: «World Journal on Educational Technology» (2021), «International Journal of Society Culture and Language» (2025); ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енген ғылыми журналдарда: «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» (2018), «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы» (2019, 2021), «Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы» (2023, 2024), «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы» журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы (2024) мақалалар жарияланған. Осылайша, қорғауға ұсынылған барлық қағидалар дәлелденген, ғылыми тұрғыдан негізделген және зерттеу нәтижелерімен толық расталған деп бағалауға негіз бар.</p>
8.	Дәйектілік	8.1 Әдіснаманы	Диссертациялық зерттеудің

<p>қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>әдіснамасы ғылыми тұрғыдан негізделген және нақты сипатталған. Зерттеудің әдіснамалық негіздері қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес таңдалып, зерттеу мәселесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру мәселесі құзыреттілік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, жүйелік, интегративтік және рефлексивтік тұғырлар негізінде қарастырылған. Таңдалған әдіснамалық тұғырлар зерттеу нысанының мәнін ашуға, теориялық және тәжірибелік нәтижелерді өзара байланыстыра қарастыруға, сондай-ақ алынған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. Осыған байланысты зерттеу әдіснамасын таңдау толық негізделген және диссертацияда нақты көрсетілген деп бағаланады.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың қазіргі тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында теориялық талдау, сауалнама, бақылау, педагогикалық эксперимент, диагностикалық әдістер және математикалық-статистикалық өңдеу тәсілдері пайдаланылған. Эксперименттік жұмыс барысында жинақталған деректер компьютерлік технологиялардың көмегімен өңделіп, нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігі қамтамасыз етілген. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу кезінде Пирсонның <math>\chi^2</math> критерийі, Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті және диагностикалық құралдардың ішкі сәйкестігі мен</p>

			сенімділігін анықтау үшін Кронбахтың альфа коэффициенті қолданылған. Алынған мәліметтердің статистикалық мәнділігі анықталып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі, дәлдігі мен сенімділігі дәлелденген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеуде ұсынылған теориялық қорытындылар, құрылымдық-мазмұндық модель және анықталған заңдылықтар педагогикалық эксперимент нәтижелерімен расталған. Педагогикалық эксперимент Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде және Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде жүргізілген. Эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель мен дидактикалық кешеннің тиімділігін дәлелдейді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ұсынылған теориялық тұжырымдардың дұрыстығын растап, олардың ғылыми негізділігі мен практикалық маңыздылығын айқындайды.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда қарастырылған цифрлық педагогика, білім беруді цифрландыру және сандық білім беру ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жүргізілген. Ғылыми әдебиеттер жүйеленіп, тақырыптық бағыттар бойынша сараланған, соның негізінде автор зерттеудің теориялық алғышарттарын құрайтын бірнеше ғылыми бағыттарды шартты түрде жеті топқа біріктіріп көрсетіп, зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан зерттелу деңгейі айқындалған.

			<p>Диссертацияда келтірілген маңызды тұжырымдар мен ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған 179 сілтемелермен расталған. Автордың қорытындылары отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми көзқарастарымен салыстырыла отырып негізделген және тиісті ғылыми дереккөздермен дәлелденген. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға және қойылған міндеттерді шешуге жеткілікті болып табылады. Диссертацияда педагогикалық білім беру, цифрландыру үдерістері, цифрлық құзыреттілік және сандық білім беру ресурстарын пайдалану мәселелеріне қатысты іргелі және заманауи ғылыми еңбектер қамтылған. Сонымен қатар халықаралық ғылыми зерттеулердің нәтижелері, жетекші ғалымдардың еңбектері және нормативтік құжаттар зерттеу мазмұнымен үйлесімді пайдаланылған. Әдебиеттер қоры зерттеу мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындауға, ғылыми аппаратын қалыптастыруға және авторлық тұжырымдарды негіздеуге мүмкіндік берген. Пайдаланылған дереккөздердің құрамы мен мазмұны диссертацияның ғылыми деңгейіне сәйкес келеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері нақтыланып, зерттеліп отырған даярлықтың мәні мен мазмұны</p>

			<p>ғылыми тұрғыдан негізделген. Сонымен қатар аталған даярлықтың құрылымы айқындалып, оның компоненттері, критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, ғылыми негізделген. Алынған нәтижелер болашақ педагогтердің цифрлық даярлығын қалыптастыру теориясын толықтырып, педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау саласындағы теориялық білім қорын кеңейтуге ықпал етеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және зерттеу нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыруға бағытталған дидактикалық кешен әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген. Дидактикалық кешен құрамына элективті курс, оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген толықтырулар, электрондық оқу құралы, авторлық цифрлық оқу-дидактикалық ресурс, автоматтандырылған оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар, тапсырмалар жинағы және ұжымдық монография енгізілген.</p> <p>Әзірленген ғылыми-әдістемелік өнімдер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде, педагогикалық практика барысында және жоғары педагогикалық білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие</p>



			жұмысында тиімді пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу педагогтердің сандық білім беру ресурстарын қолдану даярлығын арттыруға және кәсіби даярлау сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп бағаланады. Олар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын жетілдірудің өзекті бағыттарын қамтиды. Автор педагогтерді даярлау үдерісінде жасанды интеллект құралдарын, дербестендірілген оқыту мүмкіндіктерін және цифрлық білім беру ортасының әлеуетін ескерудің маңыздылығын негіздейді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері цифрлық диагностикалық құралдарды әзірлеу мен қолдану аясын кеңейту қажеттігін көрсетеді. Болашақ мұғалімдердің мотивациялық, когнитивтік, операциялық-технологиялық, коммуникативтік-этикалық және рефлексивтік-бағалау компоненттерін қалыптастыру мәселелерін одан әрі зерттеу бойынша нақты ұсыныстар берілген. Сондай-ақ педагогтердің кәсіби қызмет барысында қалыптасқан құзыреттерінің тұрақтылығын бағалау және олардың даму динамикасын ұзақ мерзімді мониторинг негізінде зерделеу қажеттілігі көрсетілген. Ұсынылған практикалық ұсыныстар қазіргі білім беруді цифрландыру жағдайындағы педагог кадрларды даярлау мәселелерін шешуге бағытталған және жаңашылдығымен ерекшеленеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ;	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Жұмыс мазмұны ғылыми зерттеулерге

		<p>2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделген, мәтіннің құрылымдық тұтастығы мен логикалық бірізділігі сақталған. Ғылыми ұғымдар мен терминдер орынды қолданылып, автордың ой-пікірлері анық әрі жүйелі баяндалған. Диссертация мәтінінде ғылыми баяндау мәдениеті сақталып, тұжырымдар мен қорытындылар дәлелді түрде ұсынылған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Диссертациялық жұмыс өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы жоғары, аяқталған зерттеу болып табылады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін одан әрі жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстарды келтіруге болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– зерттеу барысында әзірленген дидактикалық кешеннің жекелеген құрамдас бөліктерін пайдалану бойынша нақты әдістемелік ұсынымдарды кеңейте түсуге болар еді;</li> <li>– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру мәселесін білім берудегі жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндіктерімен байланыстыра қарастыру зерттеудің практикалық құндылығын арттыра түсер еді;</li> </ul> <p>Аталған ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейі мен практикалық маңыздылығын төмендетпейді және зерттеудің жалпы оң бағасына әсер етпейді.</p>	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектері жоғары ғылыми деңгейде орындалған және диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелерін толық қамтиды. Жарияланымдарда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері, зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары және автор ұсынған ғылыми шешімдер жан-жақты қарастырылған.</p> <p>Ғылыми мақалаларда зерттеу барысында әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұны мен ерекшеліктері ашылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері жүйелі түрде талданған. Автор алынған нәтижелердің тиімділігін негіздеп, олардың педагогикалық практика үшін маңызын көрсеткен.</p> <p>Зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейдегі рейтингтік ғылыми журналдарда 2 мақала, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда 5 мақала және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 5 мақала жарияланған. 1 монография, 1 оқу әдістемелік нұсқаулық, 1</p>	

		тапсырмалар жинағы, 6 электрондық оқу құралдары жарық көрген. Жарияланған еңбектердің мазмұны зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығын, теориялық құндылығын және практикалық маңызын жеткілікті дәрежеде дәлелдейді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі	<p>Жүргізілген сараптама негізінде Айдарбекова Кулжан Асетовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған ғылыми зерттеу болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған, зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы негізделген, теориялық және практикалық маңыздылығы дәлелденген.</p> <p>Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p> <p>Қорытындылай келе, диссертант Айдарбекова Кулжан Асетовна 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша «6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

**Ресми рецензент:**

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»  
 КЕАҚ қауымдастырылған  
 профессоры, педагогика  
 ғылымдарының кандидаты



Нуржанова С.А.